

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ

1. Жануарлардың үлкен тобын омыртқалылар құрайды: балықтар, қосмекенділер, бауырмен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер. Төменде бірнеше ағзалар берілген. Талдау жасап, ішінен бір топқа жататын ағзаларды табыңыз



Сиыр



Үйрек




Арыстан



Құрбақа


- A) сиыр – үйрек
B) үйрек – арыстан
C) арыстан – құрбақа
D) сиыр – арыстан
2. Өсімдіктің тіршілігі тұқымның өнуінен басталады. Топыраққа түскен тұқым ылғалдың әсерінен ісініп, қабығын ашады. Алдымен тамыр шығып, топырақтан қорек алады. Содан кейін сабақ өсіп, сабақтың бойынан жапырақ шығады. Өсы кішкентай өсімдік «өскін» деп аталады.



Тұқымның өсіп-өнуінің қай фазасында фотосинтез процесі жүріп бастайды?

- A) II
B) III
C) I
D) IV


3. Бөлшектік құрылымы арқылы көрсетілген темір мен ағаш таяқшаларды ұстаған Ғазиз, оң қолындағы таяқшаның ыстығына шыдамай тастап жібереді.



Берілгенге мәліметке сәйкес дұрыс нұсқаны көрсетіңіз:

- A) Темір таяқшаның жылуөткізгіштігі жоғары
- B) Ағаштағы бөлшектердің қозғалысы төмендейді
- C) Темір жылуды баяу өткізеді
- D) Ағаш таяқшаның иілгіштік қасиеті жоғарылайды


4.



Жоғарыдағы моделі мен формуласы дұрыс бейнеленген нұсқаны белгілеңіз:


- A) Тек I
- B) Тек II
- C) I және III
- D) II және III

5. Суретте берілген 4 аймаққа қатысты **дұрыс емес** анықтаманы табыңыз.



- A) I аймақтың ауданы ең үлкен
- B) II аймақтан оңтүстікке қарай күннің түсу бұрышы азаяды
- C) III аймақтан солтүстікке қарай Жердің айналу жылдамдығы азаяды
- D) Күннің шығу және бату уақыттары ең ерте IV аймақта болады

6. Суретте Жердің өз өсінен және Күнді айналу қозғалысы көрсетілген. Бұл қозғалыстардың бағыты дұрыс берілген нұсқаны анықтаңыз.




| | Өз өсінен | Күннің айналасында |
|----|-----------|--------------------|
| A) | A | 2 |
| B) | A | 1 |
| C) | B | 1 |
| D) | B | 2 |

7. Берілген мысалдардың ішінен газдың сұйыққа айналуына мысал бола алатындарын көрсетіңіз.

- I. Ыдыстағы су мөлшерінің азаюы.
- II. Далаға ілінген киімнің кебуі.
- III. Балауыз шамның еруі.
- IV. Теңіз үстінде бұлттардың пайда болуы.
- V. Шықтың түсуі.
- VI. Қардың жаууы.

- A) I мен II
- B) II мен III
- C) II, III пен IV
- D) IV пен V

8. Нұрай мен Айзере бос бір ыдысты алып, оны үлкен тастармен толтырады. Одан кейін ыдысқа құм құяды. Сосын ыдысқа толғанша су құяды. Бастапқыда ыдыс тасқа толы болса да кейіннен құйылған құм мен су ыдыстан төгілмейді. Бұл тәжірибе нәтижесі бойынша айтылған тұжырымдардың дұрыс емесі



- A) Заттың молекулаларының арасы бос болады
B) Кез келген заттарда диффузия құбылысы орын алады
C) Кез келген заттың молекулалары бірдей болады
D) Әртүрлі заттың молекулалары бір-бірінің арасына еніп кетеді